

«Алғашқы айырбас – тиімділікпен»

Науқанының қағидалары

(бұдан әрі – Қағидалар)

1. Жалпы ережелер

1.1. «Алғашқы айырбас – тиімділікпен» науқаны (бұдан әрі - «Науқан») - Bereke Bank (бұдан әрі - «Банк») өткізетін, клиенттерді Банктің мобильді қосымшасында ақшалай сыйақы (бонустар) есептей отырып, валюта айырбастау операцияларын жасауға ынталандыруға бағытталған маркетингтік науқан.

1.2. Банк Науқанның ұйымдастырушысы болып табылады.

1.3. Науқанға қатысушы - Банктің клиенті болып табылатын, Науқанды өткізу кезеңінде осы Қағидалардың шарттарын орындаған жеке тұлға.

1.4. Бонустар - осы Қағидаларда көзделген мөлшер мен тәртіппен Науқан шарттарын орындаған кезде Банк Науқанға қатысушыға есептейтін ақшалай сыйақы.

1.5. Науқан лотерея, жария конкурс немесе тәуекелге негізделген өзге де ойын болып табылмайды.

2. Науқанды өткізу мерзімі мен аумағы

2.1. Науқан 2026 жылғы «15» маусымнан бастап 2026 жылғы «20» қыркүйекті қоса алғандағы аралықта өткізіледі.

2.2. Науқанға қатысу мақсатында операцияларды есепке алу Науқанның қолданылу кезеңінде жүзеге асырылады.

3. Науқанға қатысу шарттары

3.1. Науқанға қатысу үшін Клиентке орындалатын шарттар:

- мына критерийге сәйкес келетін клиент болу:
 - клиент Науқанды өткізу кезеңінде банктік қызмет көрсетуге шарт жасасты (Банктің жаңа клиенті) және валюта айырбастау операцияларын жасау үшін ағымдағы шотты және/немесе картаны ашты.
- ашық ағымдағы шоты және/немесе картасы болу;
- науқанды өткізу кезеңінде Банктің мобильді қосымшасындағы «Валюта айырбастау» бөлімінде алғашқы валюта айырбастау операциясын жасау;
- келесі мәндердің бірінен кем емес сомаға операция жасау:
 - 100 000 (жүз мың) теңге
 - 200 (екі жүз) АҚШ доллары
 - 180 (жүз сексен) еуро.

3.2. Операцияның ең төменгі шекті мәнге сәйкестігін анықтау кезінде келесі тәсіл қолданылады:

- валюталардың бірі теңге болып табылатын операциялар бойынша операцияның теңгедегі сомасы ескеріледі;
- шетел валюталары арасындағы операциялар бойынша (кросс-конверсиялық операциялар) валюта жұбына байланысты операцияның АҚШ долларындағы немесе еуросындағы сомасы ескеріледі;
- АҚШ доллары - еуро валюта жұбындағы операциялар бойынша операцияның АҚШ долларындағы сомасы ескеріледі.

3.3. Науқанда тек Банктің мобильді қосымшасында жасалған операциялар ғана ескеріледі.

4. Бонустарды есептеу мен төлеу тәртібі

4.1. Бонустар Науқанға қатысушыға Науқан шарттарына сәйкес келетін алғашқы валюта айырбастау операциясының сомасына байланысты келесі мөлшерде есептеледі:

- 2 000 (екі мың) теңге — операция сомасы 100 000 (жүз мың) теңгеден, 200 (екі жүз) АҚШ долларынан немесе 180 (жүз сексен) еуродан баламасында 1 000 000 (бір миллион) теңгеге дейін болған кезде;
- 5 000 (бес мың) теңге — операция сомасы 1 000 000 (бір миллион) теңгеден, 2 100 (екі мың бір жүз) АҚШ долларынан немесе 1 850 (бір мың сегіз жүз елу) еуродан асқан кезде.

4.2. Барлық Науқан кезеңінде бір Қатысушыға есептелетін бонустардың ең жоғары сомасы 5 000 теңгені құрайды.

4.3. Бонустарды есептеу операция жасалған күннен бастап 15 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

4.4. Бонустар Банкте ашылған клиенттің бонустық шотына аударылады.

4.5. Қиянат жасау (теріс пайдалану) жағдайлары анықталған кезде Банк бонус есептемеуге немесе бұрын есептелгенін жоюға құқылы.

4.6. Бонустарды есептеу Банк белгілеген лимиттерге және есептеу сәтінде қолданылатын бонустық бағдарламаның қағидаларына, соның ішінде бір клиентке есептелетін ең жоғары сома бойынша шектеулерге сәйкес жүзеге асырылады.

5. Шектеулер мен қосымша шарттар

5.1. Банк Науқан бюджетінің жалпы лимитін белгілеуге құқылы. Лимитке жеткен кезде бонустарды есептеу мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

5.2. Бонустар шоттан тыс қолма-қол ақшаға айырбасталуға жатпайды және үшінші тұлғаларға беріле алмайды.

5.3. Банк Науқанды өткізу кезеңінде операция сомасының ең төменгі шекті мәндерін (теңгеде және/немесе шетел валютасындағы баламасында) түзетуге құқылы.

5.4. Банк Науқанға қатысу туралы дербес ұсыныс жіберілетін клиенттік сегменттердің құрамын дербес анықтауға, сондай-ақ маркетингтік коммуникациялардың параметрлері мен көлемін өзгертуге, жекелеген клиенттік топтардың қатысуын шектеуге құқылы.

6. Науқан туралы ақпараттандыру

6.1. Науқанға қатысу туралы дербес ұсыныс клиенттерге Банктің маркетингтік коммуникациялар арналары, соның ішінде push-хабарламалар, SMS-хабарламалар, Банктің мобильді қосымшасындағы баннерлер, сондай-ақ Банк дербес айқындайтын өзге де арналар арқылы жіберіледі. Науқан туралы жалпы ақпарат қосымша Банктің <https://berekebank.kz/> ресми сайтында орналастырылады.

6.2. Осы Қағидалар Банктің ресми сайтында орналастырылады және Науқанды өткізу кезеңінде қолжетімді болады.

6.3. Клиенттің Науқанға қатысу туралы дербес ұсынысты алу фактісі маркетингтік коммуникациялар жүйелерінің деректері негізінде Банкпен тіркеледі. Бонустар тек осындай ұсыныс алған және Науқанды өткізу кезеңінде оның шарттарын орындаған клиенттерге ғана есептеледі.

7. Өзге де шарттар

7.1. Банк Науқанның мерзімдері мен шарттарын өзгертуге немесе Банктің сайтында тиісті ақпаратты орналастыру арқылы оны өткізуді біржақты тәртіппен тоқтатуға құқылы.

7.2. Науқанды өткізу кезеңінде операция жасау Клиенттің осы Қағидалармен толық келісетінін білдіреді.